

«6D020600-Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Болысбаева Айнура Кананиевнаның «Қазақстандағы мұсылман әйелдердің діни бірегейленуі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік мұралары мен бастаулары.	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертация жұмысының тақырыбы еліміздегі ғылымның даму басымдықтарының ішінен – 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге және арнайы мамандандырылған бағыттардың ішінен – 7.2 Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер: 7.2.7. Ұлы даланың жеті қыры: қоғамның рухани жаңғыруының мұралары мен бастаулары.
	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік мұралары мен бастаулары.	1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	«6D020600-Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін мемлекет бюджетінен қаржыландырылған докторантура аясында әзірленген диссертация жұмысы.
	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік мұралары мен бастаулары.	2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	Диссертация нақты мемлекеттік бағдарлама аясында орындалмаған.
	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік мұралары мен бастаулары.	3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым	

	бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	
2. Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға <u>елеулі үлесін қосады</u> /қоспайды, ал оның <u>маңыздылығы</u> <u>анықталған</u> /ашылмаған.	«Қазақстандағы мұсылман әйелдердің діни бірегейленуі» тақырыбында жазылған зерттеу жұмысының ғылымға қосар үлесінің елеулі екені айқын. Диссертация тақырыбына сай жоспар жүйесі және мазмұны, ғылыми деңгейі мен теориялық маңыздылығы берілген бағаға дәлел бола алады. Зерттеудің өзектілігі, ғылыми нәтижелер мен қорытынды тұжырымдарының нақтылығымен, тереңдігімен ауқымдарының кеңдігімен ерекшеленеді. Зерттеуде қарастырылған мәселе Қазақстан ғылымының дінтану, философия, дін философиясы, исламтану, тарих, әлеуметтану, мәдениеттану, психология салаларына қосатын үлесі бар деп есептеймін.
3. Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Қорғауға ұсынылған диссертация жұмысының қолжазбасы және диссертанттың жариялаған мақалаларынан жазу деңгейінің жоғары және өзіндік ғылыми стилі бар екені көрінеді. Сөйлем құрылымдары, ғылыми сараптама жасау әдістері, ұсынылған ғылыми тұжырымдарындағы өзіндік сипаты мен қорытындылар бұған дәлел бола алады. Ізденуші маманданған саласындағы дінтану ғылымының ғана емес, әлеуметтану саласының категориялық аппараты мен негізгі ұғым-түсініктерін меңгерген және осы салалар бойынша өзіндік көзқарастарын ғылыми деңгейде қорытындылай білген.
4. Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация жұмысының өзектілігін ізденуші бірнеше аспектіге бөліп негіздеген. Ислами бірегейліктің гендерлік аспектілерін зерттеудің маңыздылығын жалпы әйелдердің діндарлығының ерекшелігімен байланыстырады. Әйелдің болашақ ұрпақты әлеуметтендіруші, қалыптастырушы рөлін түсіндіреді. Бұл әйелдің өз діндарлық тәжірибесін балаларының бойына трансляциялауынан көрініс табады. Екіншіден әйелдердің қазіргі күні қоғамдық дискурста ұлттық және діни киім үлгілерін бір-бірінің антиподы ретінде қарастырып, қазақи және ислами (араби) киім үлгілеріне қатысты карама-қайшылықта қарастыру мен діни киім үлгісіне қатысты негативті пікірлердің таралуы да өзекті мәселелердің бірі екені негізделеді. Осыған қоса қазіргі таңда әйелдердің арасында да радикализациялану процесінің қарқынды жүріп

		жатқандығына орай дәстүрлі емес жамағаттың әйел ізбасарлары балаларын деструктивті көзқарастар аясында тәрбиелеп, олардың құқықтары мен бостандықтарын белгілі бір деңгейде шектейтінін атап көрсетеді. Соның ішінде қыз балаларына тандау мүмкіндігін қалдырмай хиджаб киізу, балаларының кейбір мектептік пәндерді оқуына тыйым салу, вакцинациядан бас тарту сияқты мәселелердің туындауы қоғамды алаңдатарлық және зайырлы азаматтық мемлекеттік қағидағтарына қайшы шығатын құбылыстар ретінде талдау жасауға тырысады. Осы тұрғыдан алғанда зерттеу нысаны өзекті, мақсат-міндеттерінің айқындығы күмән туғызбайды.
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	«Қазақстандағы мұсылман әйелдердің діни бірегейленуі» тақырыбын зерттеу барысында ізденуші 3 тараудың шеңберінде тақырыптың мазмұнын ашуға тырысқан. Диссертацияның «Феминистік ислами бірегейлікті зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері» атты бірінші тарауда ислами бірегейлік әлеуметтік феномен ретінде ашылып, соның ішінде мұсылман әйелдердің діни бірегейлігін зерттеудің негізгі концептуалды бағыттары көрсетіледі. Екінші тарау «Қазақстандағы әйелдер арасындағы ислами біртектілігінің қалыптасу ерекшеліктеріне» арналған. Бұл мәселеде автор қазақ әйелінің діндарлығын тарихи-дінтанулық дискурс объектісі ретінде қазақ хандығынан Кеңес Одағының ыдырауына дейінгі кезенді зерттейді. Сонымен қоса, қазіргі қазақстандық қоғамдағы әйелдер арасындағы мұсылмандық бірегейліктің типтері мен олардың қалыптасу себептерін анықтайды. Үшінші тарауда «Қазіргі намазхан әйелдерінің әлеуметтік-мәдени бірегейленуі» мәселесі қарастырылады. Әлеуметтанулық зерттеу негізінде жалпы діндарлықтың әйелдердің өмірлік тәжірибесіне ықпал ету деңгейлері анықталады. Экстремистік көзқарастың әйел қауымы арасында дамуы исламизм мысалында көрсетіледі. Тараудың соңында бір бөлімше Қазақстандағы әйелдер арасындағы ислами бірегейліктің ерекшеліктерін көрсетіп, болашақ даму перспективалары мен проблемаларын талдайды және оларды шешу жолдары бойынша ұсыныстар береді. Үш тарауда диссертация мазмұны терең ашылады және өзара байланыстылығымен, сабақтастығымен, қисынды реттілігімен біртұтастықты құрайды.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Диссертация жұмысының мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына сай келеді. Ізденісте қазіргі Қазақстандағы мұсылман әйелдерінің діни бірегейлігінің қалыптасу ерекшеліктеріне дінтанулық сараптама берілген. Сондай-ақ діни

	1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	бірегейлік феноменін, соның ішінде мұсылман әйелдерінің діни бірегейлігінің тарихи формалары зерттеледі. Постсекулярлы қазақстандық қоғамдағы әйелдер арасында исламдық бірегейліктің түрлері, олардың қалыптасу себептері, мұсылман әйелдердің экстремизм идеологиясын қабылдауы арқылы өмір салттарының толық өзгеріске ұшырау себептері ашылған. Мұсылман әйелдердің бірегейлігінің болашақ даму перспективаларын болжау және осы жағдайларға қатысты проблемалардың шешу жолдары бойынша өз ұсыныстарын беру арқылы диссертант өзінің алдына қойған жеті міндетті толық шешкен. Диссертация жұмысында ғылыми методологиялық принциптердің тұтастығы сақталған. Диссертация жұмысының мазмұнына орай барлық бөлімдері мен логикалық құрылымы нақты келтірілген. Барлық ғылыми тұжырымдар мен ғылыми нәтижелер өзара сабақтастықта логикалық тұрғыда негізделген. Диссертация жұмысы кіріспеден, жеті тарауға бөлінген үш бөлімнен, қорытындыдан, дереккөздерден тұрады және олар арнайы талаптарға сәйкес негізделген. Диссертацияның жоспары тақырыптың мәні мен мазмұнын ашып, әрбір тұжырымның бір-бірімен байланысына негіз болған. Жұмыстың ғылыми нәтижелерінің өзегі ретіндегі мәселеге Қазақстандағы мұсылман әйелдердің діни бірегейлігіне жан-жақты талдау жасалған. Жоспар ғылыми ізденіс нысанына сәйкес құрылған, жүйелі пайымдалған және ол диссертация мәтінінде айқын сипатқа ие болған. Автор ұсынған жаңа шешімдер дәйектеліп, оған дейінгі жалпы белгілі шешімдермен салыстырмалы түрде талданып, ізденуші өз тұжырымдарын нақтылап көрсете білген. Жалпы әйелдердің ислами бірегейлік мәселесін зерттеген біршама шетелдік ғалымдардың іргелі зерттеулерін ізденуші ой-елегінен өткізіп, қазіргі кезде елде орын алып жатқан ахуалмен салыстыра отырып сыни талдау негізінде қарастырған. Ислам бірегейлігі, соның ішінде әйелдердің діни бірегейлігін тарихи аспектіде, бұл мәселені мәдени және мұсылмандық бірегейлік симбиозында қарастырған қазақстандық ғалымдардың еңбектерін барынша талдап, сараптама бере алды деп баға беруге болады. Экстремизмнің феминизациясы мәселелерін терең бағамдаған зерттеушілердің мазмұнды тұжырымдарымен диссертант сұқбатқа түсе білген.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	

5. Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертация жұмысының ғылыми нәтижелері мен қағидағаттары толығымен жаңа. Ізденуші зерттеу жұмысының алдына қойған мақсат-міндеттерін жүзеге асыру барысында мұсылман әйелдердің діни бірегейлігінің ерекшелігін айқындап, өзіндік анықтама бере алған; постсекулярлы қазақстандық қоғамдағы әйелдер арасында исламдық бірегейліктің түрлерін және олардың қалыптасу себептерін анықтаған, экстремизмнің феминизациясы процесін «Жусан» арнайы операциясы кезінде қайтарылған әйелдерді негізге ала отырып зерттеген, әйелдердің діни өмір салтын (хиджаб кию, намаз, т.б.) қабылдау себептерін ашып, әйелдер арасындағы ислами бірегейліктің болашақ даму үрдісі мен тәуекелдеріне болжам жасап, осыған қатысты туындайтын қауіп-қатерлердің алдын алу жолдарын көрсеткен.
	5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа. Әрбір қорытынды жеткілікті талдауларға негізделген. Ғылыми қорытындының өлшемдері диссертацияның негізгі қағидалары мен жаңалықтарына жауап береді. Диссертациялық жұмыстың 3 тарауында ізденушінің мұсылман әйелдердің діни бірегейлігін анықтау үшін жүргізген әлеуметтік зерттеулерінде жасаған жаңа теориялық тұжырымдарының тәжірибелік маңызы бар және ғылымға өзіндік үлес қосады.
	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертация жұмысының тақырыбы, зерттеу нысаны әлеуметтік-гуманитарлық ғылым бағытында орындалған. Дегенмен техникалық, технологиялық, экономикалық салаларға тікелей қатысы болмағанымен ізденушінің ғылыми нәтижелерін, қорытындыларын еліміздегі рухани жаңғыру мәселелерінің үйлесімді шешімін табуға, осы бағыттағы басқару шешімдеріне қатысты, сонымен бірге ұлттық мүддеге қайшы келетін идеялар мен ұстанымдарға қарсы тұратын экстремизм мен терроризмнің алдын алуға мәселелер еліміздегі техникалық, технологиялық, экономикалық салаларға тікелей қатысы бар. Ізденушінің ғылыми нәтижелерін, қорытындыларын еліміздегі қазіргі діни ахуал және діни қауіпсіздік мәселелерінің үйлесімді шешімін табуға, осы бағыттағы басқару шешімдеріне қатысты, сонымен бірге ұлттық мүддеге қайшы келетін идеялар мен ұстанымдардың деструктивті діни ағымдардың ұстанымдарын дәл анықтап, сырттан ағылған сенімдер мен жергілікті рухани дәстүрлер қақтығысының күшеюіне жол бермеу тұрғысындағы шешімдердің ғылыми арқауын нығайта түсуде қолдануға болады.

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (қуолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертация жұмысының әр тарауының соңында талдаулар негізінде байыпталған қорытындылар ойдың жинақылығы мен тиянақтылығына, логикалық тұрғыдан дәйектелуіне үлес қосқан. Осының арқасында ізденістің негізгі қорытындысы да, ғылыми тұғыры да дәлелді әрі толық тұтастыққа ие болған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	7.1. Негізгі қағидаттар толық дәлелденген. Ізденіс ауқымында автор тарапынан 7 қағидат айқындалған және олар зерттеудің нәтижесімен бірлікте тұтасқан. 7.2 Әр қағидат тривиалды емес саналады. Ізденуші қағидаттарды ерекше өзіндік тәсілмен, жан-жақты қарастырып, ұсынған. 7.3 Мейлінше жаңа. Соңғы он жыл аралығында мұсылман әйелдердің діни бірегейлігін анықтау үшін жүргізген әлеуметтік зерттеулердің теориялық тұжырымдары толығымен ғылымға жаңа ақпарат кіргізеді, бұл мәселе бойынша арнайы зерттелген жұмыс болған жоқ және сондықтан да зерттеудің нәтижелерінің барлығы жаңалығымен ерекшеленеді. 7.4 Қолдану деңгейі кең. Жұмыстың ғылыми нәтижелерін әлеуметтік-гуманитарлық ғылым саласында: дінтанумен қоса, философия, құқықтану, әлеуметтану, саясаттану, психология бағыттары пәндерін оқытуда және мемлекеттік ұлттық қауіпсіздік шараларында, құзырлы органдардың қызметі ауқымында кеңінен пайдалануға болады. 7.5 Диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері мен қорытындылары 11 ғылыми мақалада жарияланған, соның ішінде 2 мақала – Scopus деректер базасында индекстелген ғылыми журналдарда, 3 мақала – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми журналдарда, 1 мақала әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Дінтану сериясының хабаршысында, 5 мақала – халықаралық конференция материалдарының жинақтарында, оның 1-і шетелде жарияланған. Жарық көрген мақалалар жүргізілген жұмыстың мазмұнына толық сай келеді.

	7.4 Қолдану деңгейі:		8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	Диссертацияда ізденуші таңдаған әдіснама толығымен негізделген. Ізденуші өзі көтерген тақырыпты ашу барысында ислам бірегейлігі феноменологиясын зерттеп, әйелдер діндарлығының дамуына тарихи-мәдени реконструкция жасап қарастырады; әйелдің діндегі рөлін анықтау үшін, алдындағы зерттеулерге, қасиетті мәтіндерге герменевтикалық тәсілдемені қолдана отырып талдау жасады. Сондай-ақ, компаративистік әдіс – белсенді және конвенционалды діндарлар арасындағы діни бірегейлікті салыстыру үшін, типологиялық әдіс – діндарларды топтастыру үшін қолданылған. Сонымен қоса, әлеуметтанулық зерттеу жүргізу барысында тереңдетілген сұхбат, сұхбатты екінші реттік талдау және сауалнама жүргізу әдістерін ізденуші ұтымды қолдана білген.
	1) тар;				
	2) орташа;				
	3) <u>кең</u>				
	4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.		8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	1) <u>ия;</u> 2) жоқ.	Иә. Диссертация жұмысының нәтижелерінің компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынғаны анық аңғарылады. Зерттеудің дерекнамалық негізін ҚР дін саясаты саласындағы нормативтік-құқықтық актілері, заңдары, ұлттық бағдарламалар мен стратегиялар интернет-ресурстар арқылы қол жетімді болған. Әсіресе әлеуметтік зерттеу барысында қашықтықтан сауалнама жүргізу, сұхбат алу сияқты зерттеулерді компьютерлік технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылғаны белгілі.
	7.5 Мақалада дәлелденген бе?				
	1) <u>ия;</u>				
	2) жоқ				
	3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана		

	отырып алынған:	
	1) <u>ия;</u>	
	2) жоқ.	
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Диссертацияның теориялық қорытындылары мен ұсыныстарының ғылыми тұғыры, дәлелі, нақты дереккөздер мен ой-тұжырымдарға сүйене отырып және далалық зерттеулерге негізделіп дәйектелген. Қазақстандық мұсылман әйелдердің діндарлығының қалыптасуы түркі, дәстүрлі қазақ және заманауи қазақстандық мәдениеттермен қатар, ислам өркениетінің тоғысуы процесінде жүзеге асырылғандығы негізделеді. Заманауи Қазақстандағы мұсылман әйелдердің авторлық классификациясы беріледі: енжар мұсылмандар мен ұстамды сенушілердің көлемінің көптігін дәлелдейді. Белсенді діндар әйелдердің арасында діни тәжірибелерді орындауда біршама айырмашылықтар байқалады. Бұл ерекшеліктер жасы, этносы, білім деңгейі сынды объективті факторлармен қатар, темперамент, психологиялық ерекшеліктері сияқты субъективті себептерге де байланысты деген тұжырым жасалады.
	1) <u>ия;</u>	
	2) жоқ.	Қазіргі Қазақстандағы діндар әйелдердің арасында радикализациялану процесінің себептері ретінде отбасы тәрбиесі, әлеуметтік желілер, интернет және әлеуметтік байланыстар анықталады. Болашақта ислами діндарлықтың деңгейінің, соның ішінде белсенді діндардардың көлемінің ұлғаятындығы туралы дәлел келтіріледі және бұл өсу мемлекетіміздің зайырлылығына кері әсер тигізіп, қауіпті болатын дәрежеде болмайды деген болжам сенімді айтылады.
	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған.	Ізденуші зерттеуінде тақырыптың түрлі қырларын пайымдаған отандық және шетелдік ғалымдар еңбектерін, эмпирикалық дереккөз мәліметтерін зерделеу, талдау негізінде маңызды мәлімдемелерге қол жеткізген. Бұл ізденістің әр тарауындағы іргелі ғылыми әдебиеттерге жасалған сілтемелерден айқын аңғарылады. Жалпы тақырыптың әр мәселесі бойынша ізденуші қолданған дереккөздер сілтемелермен дәлелденіп тұр.

	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Диссертацияда қолданылған дереккөздер тақырыпты ашу үшін толық жеткілікті. Ізденуші жұмысты әзірлеу барысында мүмкіндігінше зерттеу нысанына алынған тақырып аясындағы шетелдік және отандық авторлардың зерттеулерін қамтыған.
9	Практикалық құндылық қағидаты 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жок. 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жок. 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияның теориялық маңызын қазіргі кезеңіндегі жалпы әлемдегі, сондай-ақ, еліміздегі діни өмірдің белсенділігінің артуымен, діндар әйелдердің санының көбеюімен, жаһандану кезеңіндегі рухани ізденістер мен толғаныстардың ұлғайған ахуалындағы дінтанулық зерттеулерге деген қажеттіліктің артуымен дәйектеуге болады. Соңғы жылдардағы елімізде көрініс тапқан діни экстремизм идеяларының таралуы және олардың әйел қауымының қабылдауының орын алуы қоғамда діни білімдерге деген сұраныстың өсуімен және осы үдерістерге байыпты ғылыми тұжырымдар мен шешімдер ұсынуымен айқындалған. Диссертация жұмысының нәтижелері дінтанулық бағыттағы зерттеулерге негіз болуымен бірге, еліміздегі азаматтық қоғамның рухани негіздерін, діни конфессиялардың толеранттылығы мен сұқбатын қалыптастыруға да өз үлесін қосады. Дәстүрлі дін мен діни дәстүрді теріске шығаратын деструктивті ағымдарға қарсы ақпараттық-түсіндіру топтарының жұмыстарына қолдануға болады. Сондай-ақ, зерттеу нәтижелерін дінтану, исламтану мен саясаттану бойынша арнайы курстарда, құқық қорғау органдары мен дін басқармасы бөлімінің қызметкерлері өз жұмыстарында қолдануға болады. Зерттеудің практикалық ұсыныстары толығымен жаңа. Осы тұрғыдағы жұмыстың жаңалығы мен құндылығын отандық дінтану ғылымы саласындағы алғаш рет жазылған ғылыми зерттеу екені де толықтыра түседі. Осы себепті де бұл бағыттағы теориялық және практикалық базаға жол ашуы, жаңа зерттеулер мен ізденістерге түрткі болатындығы тұжырымымыздың дәйектілігін қуаттай түседі.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Диссертацияның академиялық жазу сапасын жоғары бағалауға болады. Сауатты ғылыми стиль, қисынды, дәйекті ой-тұжырымдар ізденістің жоғары деңгейде жазылғанын, техникалық рәсімделуінің толықтығын, ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келетіндігін де анықтайды.

11.	Диссертацияға ескертулер	Жалпы диссертациялық жұмыс еліміздегі діни ахуалға қатысты өте өзекті әрі даулы тақырыпқа жазылғанын атап өткен жөн. Ғылыми жұмыс жоғары деңгейде жазылған. Оған жоғарыда зерттеуге байланысты келтірілген тұжырымдарым дәлел болады. Дегенмен, кейбір ескертулер мен ұсыныстарға тоқталып кеткім келеді: 1) <i>Ізденуші диссертациялық жұмыстың 2.2-тарауын «Постсекулярлық қазақстандық қоғамдағы әйелдер арасындағы мұсылмандық бірегейлік: типтері мен олардың қалыптасу себептері» деп атаған, алайда бұл тарауда қазіргі қазақстандық қоғам негізден постсекулярлы қоғам болып есептелетінін ашып көрсетпеген. Постсекулярлы қоғамның зайырлылық, секуляризм, лаицизм деген құбылыстармен ара-қатынасы қандай екенін, қазақстандық қоғамдағы олардың ерекшеліктерін айқындау дұрыс болар еді деп есептеймін.</i> 2) 3.2 тарауында «Жусан» операциясымен қайтарылған әйелдердің кейсі негізінде экстремизмнің феминизациясы құбылысына тоқталған. Әйелдердің діни көзқарасының радикалдануына әкелетін алғышарттарды, факторларды, кезеңдерді терең зерттеп, ашып беруге тырысқан. Бірақ осы әйелдердің дерадикализация процесі қалай іске асуда, осы мәселеге де диссертант тереңірек тоқталса, жұмыстың практикалық құндылығы одан да артар еді. Себебі көп жағдайда ақпараттық кеңістікте де, ғылыми ізденістерде де экстремистік идеология құрбандарына айналған азаматтарымызбен жүргізілетін жұмыстар жөнінде көбіне ер адамдардың дерадикализациясы механизмдері талқыланады. Ал әйелдерді радикалды райынан қайтару мәселесі кең талқылға түсіп жатқан жоқ. Әйелдердің эмоционалды, психологиялық ерекшеліктерін, әлеуметтік, тұрмыстық-отбасылық деңгейдегі рөлін ескере отырып, бұл бағыттың жан-жақты зерттелуі аса маңызға ие екені анық.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы	Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері 11 басылымда ұсынылды, соның ішінде 2 мақала – Scopus деректер базасында индекстелген ғылыми журналдарда, 3 мақала – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми журналдарда, 1 мақала әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Дінтану сериясының хабаршысында, 5 мақала – халықаралық конференция материалдарының жинақтарында, оның 1-і шетелде жарияланды. Барлық мақалалар талапқа сай орындалған. Атап айтатын болсақ, Scopus деректер

нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	базасында кіретін және ҚР БҒМ БҒСБК ұсынған журналдарда жарық көрген мақалаларында келесідей мәселелер қозғалады: 1. Female religiosity in post-secular society: Islam in Kazakhstan // Central Asia and the Caucasus - Volume 22, Issue 2 (2021) - P. 174-188 Бұл мақалада автор Қазақстанның барлық аймақтарынан іріктелген 18 және одан жоғары жастағы әйелдер арасында онлайн сауалнама жүргізген. Респонденттің күнделікті өмірдегі ислам ілімі мен ғұрыптары қаншалықты орын алатынына назар аударылады. Ғылыми зерттеу релевантты әдіснамаға сүйеніп жасалған, теориялық әрі тәжірибелік маңызы жоғары. 2. Feminisation of extremism as a socio-psychological phenomenon // Space and Culture India - Volume 12, Issue 2 (2024) - P. 22-40 DOI: https://doi.org/10.20896/saci.v12i03.1508 Мақалада "Терроризм" бабы бойынша сотталған алты әйелдің бейне және баспа сұхбаттары талданды. Бұл мәселені жан-жақты қарастыру үшін осы әйелдерге арналған медиа материалдар зерттелген. Зерттеу барысында экстремизмнің феминизациялану тарихы, оның қоғамға әсері және алдын алу әдістері қарастырылып, экстремизм ықпалына ұшыраған әйелдің әлеуметтанулық портреті жасалып, радикалдану себептері көрсетілді. Мақала жоғары ғылыми деңгейде жазылған және өзіндік тұжырымдамалармен ерекшеленеді. 1. Мұсылман әйелдерінде діни біртектіліктің қалыптасу процесінің ерекшеліктері // ҚазҰУ Хабаршысы, Философия, Мәдениеттану, Саясаттану сериясы, №2(60), 2017 – 94-105 бб. Зерттеу барысында заманауи мұсылман әйелдердің белсенді, жан-жақты тұлғалар екендігін, сонымен бірге олар үшін хиджабтың діни мойынсұну, индивидуалды таңдау еркіндігі, наразылық және ержүректіліктің символы екендігі анықталған. Мақаланың теориялық маңызы жоғары әрі дін саласындағы заманауи проблемаларды айқындап, шешімін табуға бағытталған. 2. Экстремизмнің феминизациясы әлеуметтік феномен ретінде (исламизмнің мысалында) // ҚазҰУ Хабаршысы, Философия, Мәдениеттану, Саясаттану сериясы. – №3(61), 2017 – 84-93 бб. Мақалада экстремизмнің феминизациясы мәселесіне арналған отандық, ресейлік және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне талдау жасалынған. Заманауи
---	--

		тенденцияларды анықтау мақсатында сарапшылардың сұхбаттары сарапталып, экстремизмнің феминизация процесінің шығу себептері, оның қоғамға ықпалы және аталмыш проблеманың алдын алу шаралары бойынша ұсыныстар берілген. Мақала өзекті тақырыпқа және жоғары ғылыми деңгейде жазылған. 3. Қазақ мұсылман әйелінің әлеуметтік бейнесі: ретроспективасы мен қазіргі жағдайы // ҚазҰУ Хабаршысы, Философия, Мәдениеттану, Саясаттану сериясы. – №2(64), 2018 – 34-48 бб. Мақалада зерттеліп отырған мәселеге қатысты сарапшылардың сұхбаттары талданған. Сонымен бірге қазіргі кезеңдегі қазақстандық мұсылман әйелдің бірегей әлеуметтік портретінің жоқ екендігі және болашақта Қазақстан халқының арасында исламдық бірегейліктің кең таралатындығы туралы болжамдар дәлелденген. Отандық дінтану саласындағы өзекті мәселелердің біріне арналған бұл зерттеудің практикалық құндылығын жоғары бағалауға болады.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	6D020600 – Дінтану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Болысбаева Айнура Канапиевнаның «Қазақстандағы мұсылман әйелдердің діни бірегейленуі» атты диссертация жұмысы ғылыми жұмыс талаптарына толықтай сай келеді. Осыны негізге ала отырып, Болысбаева Айнура Канапиевна 6D020600 – Дінтану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Ресми рецензент:

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы
Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының
жетекші ғылыми қызметкері, PhD

*М.Ч. Бектеноваға қол
тастаймын, Жігімсіз
Бәкімейік кадр мәжіліс
шешімі*



Бектенова Мадина Кенесарыевна